

«Үш қарлық» елі және Шығыс түрік қағанаты

679-687 жылдары Шығыс түркілері Қытаймен табанды күрес жүргізу арқылы тәуелсіздікке қолы жетіп, қағандықты қайтадан қалпына келтірді. Ал Қапағын қаған (691-716) тұсында қағанат өзінің күш – қуатының шарықтау шегіне жетті. Оған Қытайдың солтүстігіндегі жорықтар, 696-697 жылдары кидандарды, 709-710 жылдары қырғыздарды талқандау дәлел бола алады.

VII ғасырдың соңғы ширегінде қарлықтар жөнінде деректер жоқтың қасы. О. Прицақтың айтуынша қарлықтар Кутлуг қаған (680-692) тұсында территориялық тұрғындан қағанат құрамында еді. Ал Қапағын қаған тұсында қарлықтар қағанатқа қарсы жиі-жиі көтеріліске шығады.

Жалпы алғанда, VII ғасырдың соңынан бастап қарлықтар үшін ең қауіпті жау империя емес, қалпына келген жатқан түргештер болатын. Өйткені қарлықтар мен "Он оқ" елі тұрған жерлер сол кездегі бір-бірімен күрескен үш ірі күштің: Шығыс Түрік қағанаты, Қытай империясы және түргештердің ортасында қалды. Әсіресе Қапаған қағанның жорықтары мен тонаушылық іс-әрекеттері аталған жерлердегі жалыққа ауыр тиді. Қарлық елінің Қапаған қаған тарапынан бірнеше рет шапқыншылық пен тонаушылыққа ұшырағанын, сондықтан олардың Қытайды паналағаны туралы мәліметтер жиі кездеседі. Енді бір деректерде олар үшін басты қауіпті күш – Учжилэ бастаған түргештер екені айтылады.

703 жылы Тан империясы Шығыс Түрік қағанатымен бітімге келісімен Батыс өңірде әлсіреген ықпалын күшейтуге тырысты. Өзіне қызмет етенін екі қолбасшысын – Хуай-дао және Хяньды әскермен жабдықтап, Батыс өңірге жіберді. Олар тез арада Шу өзенінен батысқа қарайғы түркілерді өздеріне қаратты. Империя жағына өз еркімен 704 жылы шоталар, ал 705 жылы қарлықтар мен батыс түркілері шықты.

Батыстағы бұл жағдай, әрине, Қапаған қағанды қағанттандырмады. 708 жылы Тан империясына соңғы жорығынан соң, Қапаған барлық күшін Батыс өңірге, бағыттады. Ол 709-711 жылдары чиктер мен қырғыздарды шауып алған соң, Батыс өңірге жорыққа шықты. Бұл жақта Қапағанға қарсы екі күш тұрды. Олар түргештер мен қарлықтар болатын.

706 жылы Согэ хан Батыс өңірде Түргеш қағанатының негізін солған болатын. Түргештердің қол жинап, Қытаймен бірге жорыққа әзірленіп жатқандықтары туралы хабар осы кезде Алтайдағы әскер шоғырландырып жатқан Тоныкөкке келіп жетті. Бұл жағдайда Тоныкөк жеңіске жету үшін түргештерге бірінші болып соққы беруді ұйғарды. Шынында да, 711 жылы Тоныкөк әскерімен Ертісген өтіп, Болчу жазығында түргештерге тұтқиылдан

соққы берді. Нәтижесінде, Согэ хан өлтірілді, және Түргеш қағанаты 711-715 жылдары уақытша өмір сүрін тоқтатты.

Түргештер жеңілген соң, батыс өңірдегі бірден-бір үлкен күш қарлықтар болды. "Күлтегін" жазуында қарлықтардың Күлтегін 27 жасында Шығыс қағантқа жау болғаны айтылады. С.Г. Кляшторныйдың есептеуінше Күлтегін 47 жасында, 731 жылдың 27 ақпанында өлген. Сонда қарлықтардың көтерілісінің басталуы 711 жылға сәйкес келеді. Құлпытастағы жазуда қарлықтардың жау болу себебін олардың "еркін" және "тәуелсіз" болуымен байланыстырады.

Г.Е. Грумм-Гржимайло қарлықтардың қағантқа "жау болуын" олардың әскер күшін қағанға бермеуі себептен болса керек деп тұжырымдайды. Алайда қарлықтардың бұл кезде түргештермен батыс өңірдегі билік үшін тайталаса бастаған кезі болатын. Өйткені түргештер Ашина ұрпағынан болмағандықтан, Тан империясының түргештерге қарсы келісімге негіз болды. Нәтижесінде, 714 жылы қарлықтар түргештер мен Шығыс түріктерге қарсы Қытаймен одақтасы. Сөйтіп, қарлықтар VII ғасырдың I жартасында Тан империясымен жақандасуы бір жағынан батыс өңірде күшейіп келе жатқан түргештермен гегемондықты тартып алуға, екіншіден Шығыс Түрік қағанатының басқыншылық пен тонаушылық жорықтарынан қорғану үшін пайдалануға мүмкіндік берді.

Қарлықтардың Шығыс Түріктермен соғысы туралы руналық жазуда олардың "еркін" және "тәуелсіз" болғандығы ерекше айтылады. Басқа түркі тайпалары туралы бұлай айтылмайды. Мұның өзі қарлықтардың сол кезде батыс өңірдегі Шығыс Түрік қағандығына қарсы төтеп бере алатын бірден-бір мықты күшке айналғанын көрсетеді. Шынында да, Шығыс Түрік қарлықтардың 705 жылы империя жағына шығуы олардың өз тәуелсіздігі мен еркіндігін жоғлту емес еді. Ол көп ретте Шығыс Түрік қағанатына қарсы әскери соғыс одағына ұқсайтын.

Тас ескерткіштегі қарлықтардың "Күлтегін 27 жасқа толғанда дұшпан болды" деп жазылғанына қарағанда олардың ара-қатынасы 711 жылы күрт шиеленіскен болу керек. Шығыс түріктерінің түргештермен шайқасы 711 жылы Ярыш жазығында боған. Ал Қара Ертіс және оның айналасы бұрыннан қарлықтардың ата мекені болатын. Кейіннен, Тан империясының қарлықтарға құрған округтары да сол бұрынғы мекенінде еді. Ендеше, шығыс түркілері түргештермен қарлықтар жерінде мүмкін емес еді. Сірә, қарлықтар бұл шайқаста түргештерге көмектескен болу керек. Өйткені түргештер мен қарлықтардың шығыстан келген ортақ жауға қарсы берігіп күресуі аз болмаған. Жазба деректерде қарлықтар мен шығыс түркілердің алғашқы шайқастарының бірі "Тамаг ыдук" басынад болған. Алайда тарихи

зерттеулерде бұл шайқастың боған ауқымы мен орны туралы ортақ пікір жоқ. "Тамаг ыдук" басындағы шайқастың қай уақытта боғандығын анықтау үшін сол кезіндегі қарлық - Шығыс Түрік және Қытай империясы араларындағы боған саяси оқиғалардың желісін құрі қажет.

714 жылдың үшінші айында, батыста көтеріліс жасаған "Он оқ" тайпаларын Қытайға қызмет еткен генерал Хянь "жуасытқаннан" кейін, олармен бірге хулу мен шуниши тайпалары да империяға бағынатындықтарын білдірді. Ал, қарлықтардың Дамо, Муло-фуги және Юань-чжи округтарының бас қолбасшылары өздерінің қол астындағы еледерімен Қытай шекарасына жақын көшіп барып, империядан көмек сұрауға мәжбүр болды. Бұл оқиғалар жөніндегі деректер 715 жылдың I-айында қарлықтардың империя қол астына кіруге тілек білдіріп, елші жібергендіктері хабарлайды (200,30).

Бұдан кейін үш айдан соң ғана қарлықтар Қытайдың қол астына кірді. Бұл "кешігудің" себебі де "Тамаг" басындағы шайқастың осы уақыт аралығында өтіп, қарлықтардың ірі жеңіліске ұшырау болса керек. Өйткені тас жазуында оларға ешқандай сырттан империя тарапынан көмек болмағандығы көрінеді. Ал Қытайдың Ашина Хань (Қытайдың батыс округтарын қорғаушы) әскерімен Қапаған ханның шапқыншылығына қарсы жауап жорықтары 715 жылдың V айына сәйкес келеді. Күлтегіннің "Тамаг" басындағы шайқаста 30 жаста екені белгілі. Егер қарлықтар Күлтегіннің 27 жасында (711-712 жылы) шығыс түркілерге жау болса, 30 жаста яғни, 714-715 жылы "Тамаг" шайқасы болған. Жоғарыда келтірілген саяси оқиғаларды бір жүйеге келтірсек, бұл шайқас біздің жыл санауымыз бойынша 715 жылдың II-II айларында болған.

"Тамаг" басының орналасқан жері туралы Г.Е.Грумм-Гржимайло мен К.Шаниязов оны Тарбағай таулы аудандарында ондай жер-су атауы кездеспейді. Күлтегін жазуында: **"Тамаг ыдук башда"** деген "Қасиетті Тамаг басында" мағынасын береді. Француз түркологы Рене Гираудтың пікірінше "Тамаг башы" Қытайдың "То-Jen-shui" мен моңғолдарың "Құпия тарихындағыға" сәйкес келетін "Тамыр бұлағы". Бұдан басталған сала "Тамыр" деп аталып, Орхон өзеніне құяды (56,192). Өзен басын Хангай тауларынан алады. Ал қарлықтардың бір бөлігі еретеден Хангайда орналасқаны белгілі. Бұл маңайды түркілер "қасиетті Өтікен қойнауы" (Хангай тауында) деп атаған. Осы жерлерде Түрік қағанатының жылнамалары – Орхон жазуларының тас ескерткіштері орналасқан. Міне, осы Орхонның Тамыр түркілермен шайқасы боған.

Үлкен Күлтегін жазуында:

(41) (1) 1.1 Күлтегін 27 жасында еркіндік пен тәуелсіздікте болған Қарлық халқы дұшпан болды. Қасиетті

(42) (2) 1. 2. Тамағ басында шайқастық Күлтегін ал ұрыста отызда еді. Алп Шалшы (деген ақ ат)ына мініп шапты. Екі кісіні бірінен соң бірін түйреді. Қарлықтарды өлтірдік. (Қол астымызға) алдық.

Білге қаған жазуында :

И.Д.29. Отыз бір жасымда қағысыз, еркін және тәуелсіз болған қарлықтар дұшпан болды. Тамағ ыдуғ басында шайқастық. Қарлық елі өлтірдім. Ол жерде (қол астыма) қараттым.

Жоғарыдағы Білге қаған жазуында Күлтегін отыз бір жасында делінген. Бұл көрсеткіште біздің пікірімізді қолдайды. Өйткені, 715 жылдың II - III айы түріктерше 714 жылдың аяғы мен жаңа 715 жылдың басы. Ендеше бұл уақыттар Күлтегіннің бұл шайқаста отыз бір жасқа толды деп айтылуы жатпайды.

Тамыр басындағы шайқаспен қарлықтардың Шығыс Түрік қағанатымен өздерінің еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күресінің алғашқы кезеңі аяқталады. 711-715 жылдардағы шайқастар алғашқы кезеңнің шарықтау шегі болды. Алайда, қарлықтар өздерінің негізгі күштерін Қытайдың протекторатына кіру арқылы сақтап қалды.

716 жылдың көктемінде Қапаған қаған тоғыз-оғыздағы жорыққа шыққанда, қарлықтар Қытай империясымен келісе отырып, Шығыс түркілердің ордыбасына шабуыл жасайды. Мәтінде айтылғандай, қарлықтар ордыбасындағылардың атты әскері жоқ, күштері әлсіз, сондықтан жылдам басып аламыз деп ойлаған болу керек. Алайда ордыбасында қалған Күлтегін ерлікпен қорғанады. Шабуылшылардың сапын бұзып, оларды батыратып жібереді. Бірақ одан кейінгі шайқастың соңы немен аяқталғаны белгісіз. Дегенмен де қарлықтардың ордыбасын ала алмағаны анық.

Сол жылы байырқуларды Толе өзенінің бойында жеңіп, қайтып келе жатқан Қапаған байырқулар мен империялықтардан құралған, тосқауылға кез болып, өлтірілді де басы Қытайға жөнелтілді.

Қапаған өлгеннен кейін Шығыс түркілер ордабасы- Өтүкенде төңкеріс болды. Күлтегін Қапаған ханның кеңесшілері мен таққа мұрагерді өлтірді де, өз ағасына Білге хан атағын беріп, таққа отырғызады. Бұрынғы ханға жақындарың ішінен тек Тоныкөк қана жазаланбады. Ол жаңадан таққа отырған Білге қағанның қайын атасы еді. Тоныкөк тарихшы Ма Шаңшудың айтуынша, Алтайдағы Қара Ертісті мекен еткен қарлық еленің "себек" тайпасынан шыққан адам. Білгілі түрколог, тарихшы Шень Чжунмянь Тоныкөктің атағын қарастыра келіп "boila бага тарқан" тіркесіндегі біріншісі, яғни boila - "моуло" этнонимінің иероглифтік транскрипциясы ретінде қарастыра отырып, сол кездегі түріктерді әйел немесе шешесінің руы, қызметінің дәрежесі бойынша, тайпалық атауға ие болатынын ескертеді.

Жоғарыда аталған, "себек" қарлықтардың чигил тайпасынан бөлініп шыққаны және оған Қытайдың бір округ құрғаны туралы жоғарыда айтылған болатын. Сонымен қатар, Тоныкөктің Білге қағанға күйеуге берген қызы да қытай деректерінде Пофу деп аталады. Ал "пофу" - "себек" этнонимінің бір транскрипциясы ғана және мағыналары да бірдей "сүю" дегенді білдіреді.

Сонымен Тоныкөктің тегі қарлықтардың чигил тайпасының себек руынан, ал шешесі және әйелі жағынан қарлықтардың моуло тайпасынан деп тұжырым жасауға болады.

Тоныкөк 711 жылға дейін Қапаған ханның жорықтарында қолбасшы болғанмен, одан кейінгі жылдары оның шапқыншылықтарға қатысқаны туралы хабарлар жоқ. Ал 711-716 жылдары арасында болған қарлықтардың үздіксіз көтерілісі оның жазуында айтылмайды және басқа жазуларда да оның бұл жылдар аралығындағы шайқастарға қатысқаны көрсетілмейді. Тоныкөк өз жазуында:

Бұ түркі халқына

Қарулы жауды келтірмедім,

Атты әскер жолатпадым, - деп, ел бірлігі мен тыныштығы үшін күрескендігін білдіреді.

Қапаған ханның телес тайпаларын (ішінде қарлықтар да бар) аяусыз басып-жаншып, тонауы, оларды көшпелілер бөлігінің қағанаттан аластап, Қытайды паналауына мәжбүр етті. Ал Білге қаған таққа келісімен Тоныкөк өзінің, әсіресе, көшпелілерге зор ықпалы арқылы оларды бұрынғы атамекендеріне қайтара бастады. Бұл Тоныкөктің "енбегі" екенін Қытай деректері де растайды.

711-716 жылдар арасындағы Тоныкөктің өз елі қарлықтардың Қапаған хан тарапынан аяусыз шапқыншылыққа ұшырап, қуғындалуы, елдің Қытайға барып жан сауғалауының Тоныкөкке үлкен әсері болса керек. Бұдан былай Қапаған қаған мен Тоныкөк арасындағы қайшылық терендей түседі. Оны Тоныкөктің жазуындағы ханды сынға алуынан көруге болады. Ол ханның "семіз бұқа мен арық бұқаны бір-бірінен айыра білмейтінін" - айту арқылы халықты дұрыс басқара алмауын сынайды.

Шынында да Қапаған ханның жеке басы туралы қытай деректері оның қол астындағыларға өте қатыгездікпен қарауы, ал уақыт өткен сайын өрескел, шектен шыққан қатал бола түскенін хабарлайды.

Қапағанның орнына Білге қаған келгеннен кейін, Тоныкөк оның ақыл кеңесшісі болып қайта шақырылды. Тоныкөктің кеңесімен іргесі шайқалған қағанатты аман сақтау үшін Білге қаған Қытай империясымен бірден келісімге келуге ұмтылды.

Білге қаған дәуірінде (716-734) қарлықтардың қағанатқа қарсы көтерілістері күрт азайды. Қарлықтар тарапынан болған көтерілістің өзі ендігі жерде Қытай империясымен келісіліп жүргізілді. Бұған 716 жылғы көктемде болған шайқас айқын дәлел бола алады.

Білге қаған жазуында:

II.Д.32. Көктемде оғыздарға қарсы жорыққа шықтым. Бірінші орда тысқары (жорыққа) кеткен-ді. Екінші орда үйде (отанда) еді. Үш Оғыз ордасы төніп келді. (Бізді) жаяу- жалпылы қалды деп тұтқынға алғалы келді. Жарты ордасы ел-жұртты тонауға келді. Жарты ордасы шайқасуға келді. Біз аз едік. Нашар халде едік. Оғыздар ... (Тәңірі) күш бергендіктен орада түйредім.

II.Д.33. Шашыратып жібердім.

Мәтінде "қарлық" атауы жоқ. Алайда "үш оғыз" ордасының шабуыл жасағаны айтылады. Осы "үш оғызды" "үш қарлықпен" байланыстыру зерттеулерде түпкілікті шешілді десе болады.

Қарлықтардың тағы бір шағын көтерілісінің болғаны сол Білге қаған жазуында кездеседі. Сірә. Қытайға бағынышты, Шығыс Түрік қағанатының оңтүстігінде орналасқан қарлықтардың бір кішкене бөлігі болса керек. Білге хан тудун Яматарды жіберіп, көтерілісті басқанын хабарлайды.

Сөйтіп, Білге қаған - Тоныкөк - Күлтегін, яғни "үштік" жүргізген қағанаттың ішкі және сыртқы саясаты өзінің нәтижесін берді. Қапаған хан басқарған кезеңдегі "аш-жалаңаш" тозған елді үштік" киіндірді, байытты және көбейтті'. Нәтижесінде, 722-741 жылдар арасы түркілер үшін тыныштық орнаған уақыт болды. Алайда, бұл үлкен "сілкіністер" алдындағы үзіліс еді. Өйткені қарлық, ұйғыр, басмал сияқты ірі-ірі тайпалық бірлестіктер өздері мемлекет құратындай дәрежеге жеткен еді. Ал ол үшін олардың қағанаттан толық еркіндігі мен тәуелсіздігі керек болды.

Сатай Сыздықов, тарих ғылымдарының докторы, профессор